

1920-1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ СЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН
(ЖАҢА МҰРАҒАТТЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ)
ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА 1920-1950
ГГ. (НА ОСНОВЕ НОВЫХ АРХИВНЫХ ДАННЫХ)
(2секция)

**ҚХР РЕПАТРИАНТТАРЫНЫҢ 1964-1985 ЖЖ. ОРТАЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРГЕ ЖӘНЕ ӨНІРДІҢ
ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕРІ**

Ыбырайхан М.Ы., тарих магистры, аға оқытушы
Ғылыми жетекші: **Сактаганова З.Г.**, т.ғ.д., профессор
Академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан

Қытай Халық Республикасынан келген репатрианттардың басым бөлігін өздерінің тарихи отанын іздеген қазақтар құрады. *Репатриация – тарихи отанын іздегендерді еліне қайтаруды арнайы мемлекеттің ұйымдастыруы.* Бұл топтағылар бастапқыда патшалық үкіметтің қоныс аудару және жер саясатына байланысты, кейіннен негізгі бөлігі 1916 ж. көтеріліс пен 1928 ж. кәмпеске уақытында атамекенінен өзге ел аумағына қоныс аударып кеткендер және олардың ұрпақтары еді. Басым бөлігі қазақтарды құрағанымен, арасында ұйғырлар, дүнгендер, қытайлар және т.б. ұлт өкілдері кездесті.

1964-1985 жж. жалпы Орталық Қазақстандағы және ауылдардағы этнодемографиялық жағдайдың қалыптасуына патша үкіметі тұсындағы реформалар, кеңес үкіметі тұсындағы индустрияландыру барысында жүргізілген Қарағанды көмір бассейнін игеру, ҰОС тұсындағы эвакуациялардың зор әсер еткені сөзсіз. Сонымен қатар, тың игеру уақытында негізінен егін шаруашылығымен айналысқан аймақтарға әртүрлі ұлт өкілдері мен әлеуметтік топтар көптеп келді. Барлық қоныс аударып келгендердің сипаты әртүрлі, одақтың түкпір-түкпірінен Қарағанды көмір бассейні мен жақын орналасқан табиғи ресурстарды игеру үшін әртүрлі жалған айыптармен келген интеллигенция және жұмысшы тап өкілдері, заң алдында жауапқа тартылғандар, «жылымық» кезеңдегі сталиндік лагерьлерден бостандық алып шыққандар және т.б., яғни әртекті оң және теріс әлеуметтік құрам элементтері еді. Қазақтар басым аудандарда көпшілігі уақытша келгендерді құрап, келген жерлеріне кері қайтқандар, қалып қойғандар немесе жұмысына жауапсыз қарап, мекен-жайын жиі ауыстыратындар да кездесті. Қалып қойғандары негізінен жергілікті қазақтармен отбасын құрғандары болып табылды. 1960 жж. дейін Орталық Қазақстан ауылдық аймақтарындағы этнодемографиялық ахуалдың қалыптасуы оған дейінгі тарихи кезеңдердің жемісі болып келді. Аталмыш кезеңдегі этнодемографиялық сипаттың аздаған өзгерісіне халық шаруашылығындағы жұмыс күшінің жетіспеуіне байланысты жүргізілген іс-шаралар өз әсерін тигізді.

Ауылдық аймақтардағы мемлекеттік шаруашылықтарға (совхоз) жұмысшылар мен мамандар жетіспеуіне байланысты еңбек ресурстарын орталықтандырылған түрде қоныс аударуды ұйымдастыру жүзеге асырылды. Ауылдарға да Одақтық республикалардан және республика мен облыстың қалалары мен жұмысшы поселкелерінен қоныс аудару жүргізілді. Бұл қоныс аударушылардың негізгі құрамы қазақтардан өзге ұлт өкілдері еді. Жалпы бұл үрдіс индустрияландыру уақытында жүргізілген еді, бұл процестің бірқатар ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар жалғасын 1962-1972 жж. аралығында байқаймыз.

Колхоздан совхоз жүйесіне ауысып, басқару тәртібінің өзгеруі, сәйкесінше жеке бас құжаттарын алудың жеңілдеуіне байланысты тұрғындарға, әсіресе жастарға ауылдық жерден қалалық аймақтарға кетуге мүмкіндіктер пайда болды. Ауыл шаруашылығының

үздіксіз, жыл бойғы тынымсыз, табысы төмен, ауыр еңбегіне ынтасыз жастардың басым бөлігі негізінен орта арнаулы немесе жоғары білім алуға және өндіріс орындарында еңбек етуге кетіп, барған орындарында орнығып қалды (біркатары әскер қатарына кетті). Тікелей мал бағу ісіне қажеттілікті есептемегеннің өзінде 1962-1966 жж. аралығында механизатор жетіспеушілігінің өзі жылына орта есеппен 3500 адамды құрады [1, 79 п.]. Білім алған жастардың көпшілігі қаладан келген соң шопандық немесе бақташылық және жалпы ауыл шаруашылығымен айналыспады. Сәйкесінше жұмыс күшінің жетіспеушілігі айқын сезіле бастады. Сондықтан арнайы ұйымдастырылған түрде ауыл шаруашылығына жұмыс күшін тарту жүргізілді. Қазақ КСР, Қарағанды облысы қалаларынан және Одақтас республикалардан келген, негізінен өзге ұлт өкілдері жергілікті халықпен қатар ауыл шаруашылығында еңбек етті (ҚХР репатрианттары негізінен шопандықта). Негізінен бұл жағдайдағы қоныс аударту ұйымдастырылған түрде жаңадан құрылу үстіндегі немесе жұмыс күші тапшы совхоздарға бағытталған.

Жоспарлы түрдегі қоныс аударушылар келетін негізгі Одақтық республикалар: Украина, Беларусь, Литва, Молдава және аздаған бөлігі Ресейден болып, негізінен отбасылы адамдармен жұмыс жасалды. Оларға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, Одақтық республикалардан жеткізуге арнайы өкілдер жіберілді. Сонымен қатар, құрамы әртүрлі ұлт өкілдерінен құралған ҚХР репатрианттары да біршама көлемді құрады. 1960 жж. басындағы КСРО мен ҚХР арасындағы қарым-қатынастың жақсаруы барысында репатрианттардың үлкен легі елімізге, олардың ішінде Орталық Қазақстанға да келген еді.

Одақтас республикалардан келгендер мен ҚХР репатрианттарының көлемі кесте – 1 көрсетілген.

Кесте 1 - Облыс совхоздарына 1962-1972 жж. әртүрлі елдерден қоныс аударып келген және осы уақыт аралығында тұрақтап қалған отбасылар саны (кестедегі жақшада мәлімет алынған жыл көрсетілген)

Аудандар	ҚХР (1965 ж.)	Украина (1967 ж.)	Литва (1969 ж.)	Молдова (1972 ж.)
Ақтоғай	51	-	-	-
Жезді	325	6	-	-
Егіндібұлақ	46	9	-	41
Қарқаралы	167	36	23	36
Жаңаарқа	37	43	-	-
Шет	72	-	-	-
Нұра	-	184	54	50
Осакаровка	-	46	-	58
Тельман	-	33	2	8
Ульянов	-	34	4	21
Жалпы	698	391	83	214

Ескертпе – автор келесі дереккөздер негізінде құрастырған [2, 2 п.; 3, 31 п.; 4, 111 п.; 5, 14 п.; 6, 35 п.]

Аталғандардан бөлек 01.01.1965 ж. мәліметке сәйкес Беларусь КСР 285 отбасы немесе 1059 адам қабылданған [7, 3,34 пп.].

1962 ж. бастап басым көпшілігі қазақтар мен ұйғырларды, сонымен қатар қытайлар, дүнгендер мен орыстарды құраған ҚХР-дан келген әртүрлі ұлт өкілдерінің көпшілігі қазақтар басым аудандарға, негізінен мал шаруашылығы, оның ішінде шопандыққа орналастырылған. Себебі, репатрианттар көпшілік жұмыс түрлеріне төзімді, еңбеккер, ең бастысы ата-бабаларынан келе жатқан дәстүрді жалғап, тарихи отанға келгенге дейінгі мекенінде негізінен мал шаруашылығымен айналысқандар еді. Олар мал шаруашылығының қыр-сырын, шаруашылықтың бабалары аманат еткен құпияларын өте жақсы меңгерген және сақтаған. Тұрақтамағандарының көпшілігі КСРО аумағындағы бастапқы қоныстану орны болған және туыстары орналасқан Қазақстанның оңтүстік облыстарына, аздаған бөлігі қалалардағы өндіріс орындарына жұмысқа кеткен [2, 87 п.]. ҚХР репатрианттарының келуі 1965 ж. бастап КСРО-мен арадағы қатынастың нашарлауына байланысты саябырлады. ҚХР репатрианттарының Қазақстанға және

Орталық Қазақстанға келуін жеке құбылыс ретінде бағаласақ та, этнодемографиялық жағдайға зор әсерін тигізе алмады. Себебі, құрамындағы қазақтардың көптігінен бөлек, қоныстанушылардың ұлттық құрамының әртүрлілігі және әр ұлт санының аздығы, белгілі бір ұлтқа басымдық алуға мүмкіндік бермеді. Сонымен қатар, ұлтаралық неке негізіндегі отбасылардың құрылуы барысында олардың ұрпақтары негізінен қазақ ретінде есептеліп кетті. Жалпы ұлтаралық отбасылардың құрылуы осы 1960 жж. бастап кеңірек таралған үрдіс. 1960 жж. бастап қазақ жастарының да ауыл шаруашылығындағы ауыр бағыттың бірі шопандықпен айналысуының деңгейі төмендеді. Қой шаруашылығындағы жұмысшы жетіспеушілігінің орнын толтырушылар тобының бірі әртүрлі ұлттан құралған ҚХР репатрианттары 1960-1970 жж. аралығында салаға көптеп келгені байқалады. ҚХР репатрианттарының аудандар бойынша қоныстануын кесте – 2 көреміз.

Кесте 2 - Облыс совхоздарындағы ҚХР-дан келген репатрианттар отбасының саны бойынша көрсеткіш

Аудандар	01.01.1965 ж. отбасы	01.07.1965 ж. отбасы қалды			
		Барлық отбасы	Барлық адам	Еңбекке қабілетті	Жұмыс жасайтын
Ақтоғай	87	51	266	112	108
Жезді	303	325	1859	801	748
Егіндібұлақ	50	46	252	105	97
Қарқаралы	171	167	824	405	352
Жаңаарқа	44	37	175	83	83
Шет	82	72	388	170	140
Жалпы	737	698	3764	1676	1528

Ескертпе – автор келесі дереккөздер негізінде құрастырған [2, 2 п.]

Байқағанымыз ҚХР-дан келгендер негізінен қазақтар басым орналасқан ауылдарға қоныстандырылған. Қарқаралы және Егіндібұлақ аудандарына 1962-63 жж. ҚХР-дан 322 отбасы немесе 1043 еңбекке жарамды адам келген және олар негізінен мал шаруашылығы бойынша жұмыстарға орналасқан. Аталған аудандарда 1965 ж. 1 шілдесіне дейін 213 отбасы немесе 510 еңбекке қабілетті адам қалған және 109 отбасы немесе 533 еңбекке қабілетті адам әртүрлі себептермен совхоздардан кетіп қалған. Негізгі себеп бойынша көпшілігі Қазақстанның оңтүстік облыстарына туыстарына қосылу үшін, аздаған бөлігі қалалардағы өндіріс орындарына жұмысқа кеткен [2, 87 п.].

Жоғарыдағы еңбекке қабілеттілер бойынша есеп болса, жалпы Қарқаралы және Егіндібұлақ аудандарына 1962-1963 жж. ҚХР-дан 2219 адам келіп, 1965 ж. 1 шілдесіне 1076 адам қалып, 1143 адам кеткен, бұл келгендердің 51%. Ең көп ҚХР азаматтары - 49%, оның ішінде еңбекке қабілеттілері - 48% және жұмыс жасайтындары - 49% орныққан және 6 айда аудандар арасында ең көп 12 отбасы қосылған аудан Жезді. Бұл кездегі әкімшілік бөлініс бойынша Жезді ауданы 1972-1997 жж. аралығында бөлінген Жезді және Ұлытау аудандарынан тұрғанын ескеруіміз керек. ҚХР азаматтары ең аз - 5% және оның ішінде еңбекке қабілеттілері 5% орныққан, сонымен қатар жұмыс жасайтындары аз - 5% аудан Жаңаарқа болып табылады. Жалпы облыс бойынша 01.01-01.07.1965 ж. аралығындағы жарты жылда 39 отбасы кеткен, бұл жалпы жыл басында келгендердің 5% құрайды.

Өзі тұрған ауылдық аймақтағы ҚХР-дан келген репатрианттар жайлы Егіндібұлақ ауданы респонденті келесі естелігімен бөлісті: «Шопан болған қытайлар да бар. Олармен қыз алысып, қыз берісіп, құдандалы болғандар да бар. Олар қыздарды 13 жасында жастай береді екен. Қытайлармен қатар немістер де болды. Мысалы, орыс медсестра, бухгалтер және т.б. Кейін орыс әйел алған қазақ жігіттері жақсы қызметтерге тұрды. Барлығы қазақша үйреніп кетті. Жергілікті қазақтар орысша білмеді. Шешем Аягөз қаласынан болған соң орысша жақсы меңгерген. Орыс медбике мен ауылдағы қазақтар арасында аудармашы болды» [8].

1962-1963 жж. ҚХР-дан жаппай келгендер арасында қазақтар, ұйғырлар, қытайлар

болғаны байқалады. Олардың ұрпақтарының көбісі таза қазақ болып сіңісті. Сіңісуге негізгі себеп ұлтаралық некелер негізіндегі отбасылар болып табылды. Репатрианттардың көпшілігі қазақ тілін білмегенімен ұрпақтары таза қазақы ортада толыққанды қазақ ұлты өкілі ретінде өмір сүріп кетті. 1960 жж. ҚХР-дан келген репатрианттар сол кездегі шопан жетіспеушілігі мәселесін оң шешуде жергілікті жерлерде септігін тигізді. Қой шаруашылығындағы жұмысшы күшінің жетіспеуі 1970 жж. бастап қайта ушығып, жаппай комсомол-жастар бригадаларын құруға алып келді. Басқа да әртүрлі ұлт өкілдері жергілікті қазақтармен отбасын құрып араласу процесі жүрді. Қазақтар орысша білмегендіктен отбасындағы өзге ұлт өкілінің екінші адамы қазақша меңгерді. Бұл еркек немесе әйел болса да орын алды. Бірақ, ауылдық аймақтарға жолдамамен және т.б. себептермен келген орыс тілді мамандардың көпшілігі егер жергілікті қазақтармен отбасын құрып қалып қоймаса қысқа уақытта қазақша үйрене қоймады.

1960-1964 жж. аралығында облыс совхоздарына ҚХР-дан 980 отбасы немесе 7136 адам келген, оның ішінде 3292 адам еңбекке қабілетті. Осы уақыт аралығында әртүрлі себептермен 282 отбасы – 1970 адам кетіп қалған [9, 102 п.]. ҚХР репатрианттарының келуі 1965 ж. бастап азайды. Бұл жайлы келесі құжаттан көруімізге болады. Ақтоғай аудандық атқару комитетіне 10.05.1965 ж. жазылған хат бойынша ҚХР қарым-қатынастың нашарлауына байланысты ҚазКСР үкіметінің шешіміне сәйкес ҚХР-дан КСРО-ға қашқындар мен қоныс аударушыларды қабылдау пункті жабық [9, 125 п.].

ҚХР репатрианттарын жұмыс күші ретінде пайдалану жайлы осы категориядағы қоныстанушылар көп қоныстанған аудандардың бірі Егіндібұлақтың респонденттері өз естеліктерімен бөліскен: «Мен тұрған ауылдық аймақта басқа ұлт өкілдері болды. Тың игеру кезінде келіп қалып қойғандары да кездесті. Олар көбіне Абай мен Комсомол совхозында. Себебі бұл совхоздар 1958 ж. тың игеруге байланысты ең алғашқы құрылған совхоздар еді. Сол уақытта қиындық тудырған мәселе малшылардың жетіспеуі. Біз Қояндыға Көктастан (Қарқаралы совхозы) 7 репатриант отбасын алып келіп, 3 қыстаққа орналастырдық. Жақсы жұмыс істеп, еңбекшілдік танытты. Бұл 1964 ж. еді. Арасындағы қытайлары орысшаны шала білетін, қазақшаны білмеді. Қытайдан келген қазақтар малдың жайын жақсы білетін. Ал, бөлімшедегі халық санын толтыру үшін басқа бір бөлімшеден сырттан көшіп келгендерді түнде жасырын көшірген жағдайлар болды» [10].

Мал шаруашылығындағы еңбеккерлердің жетіспеуіне байланысты ҚХР-дан келгендерді еңбекте пайдалану жиі орын алды. Басқа совхоздардан алып келу немесе совхоздағы бөлімшелер арасында жетіспейтін жұмыскерлер орнын толтыру үшін қоныс аударту қажеттіліктен туындаған шаралар еді. Бұл жағдайларда шаруашылық мәселесінде алғырлық пен пысықтық таныту қажет болды. Репатрианттар арасында келген қытайлардың басым көпшілігі қытайша сөйледі және кейін қазақшаны үйренбеді, тек орысшаны шала меңгерді. Ұрпақтары ғана өскен ортасына байланысты таза қазақша сөйлеп кетті.

Қарқаралы ауданы респонденті ҚХР репатрианттары мен өзге ұлт өкілдері жайлы өзінің жас кездегі өмірінен естеліктерімен бөлісті: «Ұлт өкілдері болғанда негізі Еңбек, Прогресс, Бакты қазақ совхоздар ғой. Тек жолдамамен келіп жұмыс істегендер ұшырасатын. Мысалы, орыс қыз істеді Татьяна дейтін, акушер болып бір жылдай ғана. Басқаларының барлығы қазақтар. Басқа жұмысқа келіп жатқандар көп болатын. ПМК дейміз ғой, құрылыс салған кезде. Әртүрлі өкілдер болды. Мысалы, армян да келді, грузин да, шешен де... Бірақ, олар маусымдық жұмыс жасағандар. Көршілес совхоздар арасынан Фрунзеда өзге ұлт өкілдері көп болды. Біз алғашқы жылы жұмыс істеп жүргенде репатрианттар арасында ұйғыр да, қытай да, орыс та кездесті (1960-1965 жж.). Мысалы, ұйғырдың қызы медсестра еді. Басқа да Қытайдан келгендер шамамен 1963 жж. көп болды... Ақтерек ауылындағы медбике де Қытайдан келген орыс ұлтының өкілі еді» [11].

Негізінен қазақы аудан болып есептелетін Қарқаралы өңіріндегі ауылдар арасында өзге ұлт өкілдері жинақталғандары болды. Солардың бірі Фрунзе совхозына өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған болатын. Тікелей егін шаруашылығына байланысты жасалған

әрекет деп айта алмаймыз. Себебі, көршілес Киргизия совхозы да аудандағы егінді ауылдардың алды, бірақ өзге ұлттар саны мен алуан түрлілігі жағынан Фрунзедан артық емес. Қарқаралы совхозы ғана егін шаруашылығына басымдық берген және негізінен неміс және басқа ұлт өкілдері көп шоғырланған аумақ болды. Басқа совхоздарда ұлттардың алуан түрлілігі жағынан біркелкі болып келеді. Тек Бақты, Прогресс, Еңбек совхоздары таза қазақи аумақтар болып келеді.

1962-1972 жж. аралығын қамтыған жұмыс күшін толықтыруға арналған қоныстандырудың этнодемографиялық ахуалға әсері аз көлемде болды. Себебі, жаңа орындарына көңілі толмаған қоныстанушылар қысқа уақытта кері еліне қайтты және орныққандары уақыт өте ауылдан Орталық Қазақстан қалаларына көшті. Сонымен қатар, қазақтар басым аудандардағы өзге ұлт өкілдерінің бір бөлігі 1970 жж. бастап еуропалық ұлт өкілдері жинақталған аудандарға қарай қоныс аударды. Жергілікті жерге келген соң қоныс аударушыларға жағдай жасау мәселесін кеңестік үкімет назарда ұстағанымен, толыққанды нәтиже байқалмады. 1970 жж. басында жұмыс күшінің жетіспеушілігі бұрынғы күйде қала берді. Қоныс аудару арқылы толықтырудың толықтай тиімсіздігі байқалып, өзге жолдар қарастырыла бастады.

ҚХР репатрианттарының Қазақстанға және Орталық Қазақстанға келуін жеке құбылыс ретінде бағалауға болады. Алайда өңірдегі этнодемографиялық жағдайға бұл уақиға аса зор әсерін тигізбеді. Себебі: 1) келгендердің саны аз болды және олар қалалық аймақтарға немесе оңтүстік өңірлерге өз туыстарымен қосылуы үшін қоныс аударып кетті. 2) ұлтаралық неке негізіндегі отбасылардың құрылуы барысында олардың ұрпақтары негізінен қазақ ретінде есептеліп кетті, репатрианттардың басым көпшілігі қазақтардың үлес салмағы жоғары аудандарға орналастырылған еді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚОМА. 468 қ., 5 т., 2150 іс, 79 п.
- 2 ҚОМА. 562 қ., 1 т., 48 іс, 2 п.
- 3 ҚОМА. 562 қ., 1 т., 51 іс, 31 п.
- 4 ҚОМА. 562 қ., 1 т., 64 іс, 111 п.
- 5 ҚОМА. 562 қ., 1 т., 73 іс, 14 п.
- 6 ҚОМА. 562 қ., 1 т., 109 іс, 35 п.
- 7 РМЭА. 1562 қ., 44 т., 2685 іс, 3, 34 пп.
- 8 Арелина Ү. Г ж.: 25.12.1941., жазба уақыты: 15.04.2021, орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды: Егіндібұлақ ауданы.
- 9 ҚОМА. 562 қ., 1 т., 77 іс, 102 п.
- 10 Рахметуллин Қ. Т.ж.: 01.09. 1938., жазба уақыты: 04.06.2021, орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды: Егіндібұлақ ауданы.
- 11 Құнанбаева Д.Қ. Т.ж.: 12.01.1939., жазба уақыты: 13.02.21., орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды: Қарқаралы ауданы.

ИСТОРИЯ, КОТОРУЮ НАДО ПОМНИТЬ ВСЕГДА

Едгина Г.Т. м.п.н., старший преподаватель
Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова
Караганда, Казахстан

14 апреля 1993 года Первым Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым был подписан Указ «О реабилитации жертв массовых политических репрессий». С первых же слов четко ясна цель принятого Верховным Советом Республики Казахстан закона: «восстановить справедливость по отношению к